

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Өсімдіктердің карантині және оларды қорғау жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 тамыздағы N 879 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2004 жылғы 17 мамырда Пекин қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Өсімдіктердің карантині және оларды қорғау жөніндегі ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасында Өсімдіктердің карантині және оларды қорғау жөніндегі ынтымақтастық туралы келісім

(2004 жылғы 27 тамызда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2017 ж., № 3, 29-құжат)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі (бұдан әрі Тараптар деп аталады),

Тараптар мемлекеттерінің аумағында зиянкестердің пайда болуы мен таралуының алдын алуға кепілдік беру, осы реттелетін объектілерді алмасу және олардың таралуы кезінде тиімді бақылау мен өсімдіктердің карантині мен оларды қорғау саласындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту мақсатында,

мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімде мынадай терминдер қолданылады:

(а) өсімдік - тірі өсімдіктер және тұқымы мен тұқымдық плазманы қоса, олардың бөліктері;

(б) өсімдік өнімдері - өсімдік текті (дәнді қоса алғанда), қайта өңделмеген материал және қайта өңделген, өзінің табиғаты жағынан немесе өңдеу сипаты жағынан зиянкестердің пайда болу немесе таралу қаупін төндіруі мүмкін өнімдер;

(с) фитосанитарлық бақылау - өсімдіктерде, өсімдік өнімдерінде және көлік құралдарында карантиндік зиянкестердің бар немесе жоқ екендігін тексеру мақсатында қолданылатын іс-әрекет;

(d) зиянкестер - өсімдіктердің, жануарлардың немесе өсімдіктерге немесе өсімдік өнімдеріне зиян келтіретін патогендердің кез келген түрлері, алуан түрлілері және биотиптері;

(е) карантиндік зиянкестер - аумақтық экономикасына ықпалды қаупі бар және осылайша қатер төндіретін, бірақ әзірге жоқ немесе бар, бірақ кеңінен таралмаған және ресми бақылауда тұрған зиянкестер;

(f) реттелетін карантиндік емес зиянкестер - отырғызуға арналған өсімдіктерде болуы осы өсімдіктерді пайдалану жөніндегі ниеттерге зиянын тигізетін, сондықтан да тиімділігі экономикалық жағынан қолдануға болмайтын және осыған орай импорттаушы-тарап аумағында реттелетін объект болып табылатын карантиндік емес зиянкестер;

(g) реттелетін объектілер - зиянкестердің пайда болу немесе таралу ошағына айналуы мүмкін және фитосанитарлық шаралар, атап айтқанда, халықаралық тасымалдар кезінде, қолдануға жататын кез келген өсімдік және өсімдік өнімі, сақталатын орны, буып-түю материалы, көлік құралы, контейнер, топырақ немесе кез келген басқа организм, объект немесе материал.

2-бап

1. Тараптар өсімдіктердің карантині және оларды қорғау саласындағы екі жақты ынтымақтастықты қолдайды, орындайды және дамытады.

2. Осы Келісім шеңберінде Тараптардың ынтымақтастығы Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

3-бап

Осы Келісімнің ережелерін іске асыру жөніндегі Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары мыналар болып табылады:

- Қазақстан тарапынан - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі;

- Қытай тарапынан - Қытай Халық Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қытай Халық Республикасының Сапаны, инспекцияны және карантинді қадағалау мемлекеттік бас басқармасы;

Тараптар мемлекеттерінің жоғарыда аталған уәкілетті органдарының атауы немесе функциялары өзгерген кезде Тараптар бірін-бірі дипломатиялық арналар арқылы уақтылы хабардар етеді.

4-бап

Тараптар бір Тарап мемлекетінің аумағынан екінші Тарап мемлекетінің аумағына карантиндік зиянкестердің немесе реттелетін карантиндік емес зиянкестердің әкелінуінің алдын алу жөніндегі барлық шараларды қолданады.

5-бап

Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары ауыл шаруашылығына және орман шаруашылығына зиян келтіретін карантиндік зиянкестердің бар немесе жоқ екендігін анықтау мақсатында реттелетін объектілерді өндіріс, қайта өңдеу, тасымалдау және сақтау процесінде тексеруді жүргізеді.

6-бап

Бір Тараптың аумағынан екінші Тарап мемлекетінің аумағына экспортталатын, барлық реттелетін объектілер:

(а) басқа Тарап мемлекетінің аумағына экспортталатын реттелетін объектілер Тараптар мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес келуге тиіс. Екінші Тараптың аумағына экспортталатын реттелетін объектілер қатаң карантиндік тексеруден өткізілуге және бұл партиясында екінші Тарап білгісі келіп отырған карантиндік зиянкестер мен реттелетін карантиндік емес зиянкестер жоқ екендігін растау үшін экспорттаушы-Тарап берген ресми фитосанитарлық сертификат олармен бірге жіберілуге тиіс. Фитосанитарлық сертификат ағылшын тілінде және экспорттаушы-Тараптың ресми тілінде жазылуға тиіс;

(б) тараптар зиянкестермен бүлінуі мүмкін сабанды, жапырақтарды және басқа да өсімдік материалдарын буып-түю материалы және ыдыстарды қомдайтын және оларға төсейтін материал ретінде пайдаланбайды. Солай бола тұрса да, қағаз бен синтетикалық материалдарды пайдалануға рұқсат етілген. Көлік құралдары, бума мен ыдысты қомдайтын және оларға төсейтін материалдар тиісті фитосанитарлық өңдеуден өткізілуге тиіс;

(с) топырақ экспортталатын тауарлармен бірге екінші Тарап мемлекетінің аумағына экспортталмауға және әкелінбеуге тиіс.

7-бап

Тараптар екінші Тараптың мемлекетінен импортталатын реттелетін объектілерге карантиндік және реттелетін карантиндік емес зиянкестердің алдын алу және

фитосанитарлық бақылауды жүзеге асыру мақсатында Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес тексеру жүргізетін болады. Әрбір Тараптың табылған залалданған объектілерді карантиндік өңдеуден өткізуге құқығы бар.

8-бап

Карантиндік бақылауға, фитосанитарлық сертификат алуға және карантиндік рұқсатқа байланысты шығыстарды Тараптардың мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес жүктің иелері жабады.

9-бап

Әрбір Тарап Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына немесе осы Келісімнің ережелеріне қайшы келетін карантиндік зиянкестер немесе кез келген басқа нәрселер табылған кезде бұл туралы екінші Тарапты хабардар етуге тиіс.

10-бап

Екінші Тараптың ұлттық экономикасына қатер төндіретін зиянкестердің пайда болуының, атап айтқанда, карантиндік зиянкестердің пайда болуының алдын алу мақсатында Тараптардың:

- өсімдіктердің және өсімдік өнімдерінің импортына шектеу белгілеуге немесе қосымша шаралар қолдануға;
- өсімдіктердің және өсімдік өнімдерінің импортына тыйым салуға құқығы бар.

11-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің аумақтарында карантиндік зиянкестер мен реттелетін карантиндік емес зиянкестердің енуін болдырмау мақсатында реттелетін объектілер карантині үшін жауапкершілік жүктейтін шекаралық бекеттерді белгілейді.

12-бап

1. Тараптар өсімдіктердің карантині және оларды қорғау жөніндегі қолданылып жүрген заңдар мен ережелер бойынша, әсіресе карантиндік зиянкестердің Тізбесі өзгерген кезде ақпараттар алмасады.

2. Тараптар өсімдіктердің карантині және оларды қорғау жөніндегі өз сарапшылары арасында өзара іс-қимыл негізінде техникалық алмасуды қолдайды.

3. Тараптар карантиндік зиянкестердің пайда болуы және таралуы туралы және өсімдіктерді қорғау жөніндегі ахуал туралы бірін-бірі хабардар етеді, өсімдіктердің карантині және оларды қорғау саласында техникалық ынтымақтастықты дамытады

және осы негізде алынған қандай да бір нәтижелерді немесе ақпаратты екінші Тараптың келісімінсіз үшінші тарапқа бермейді.

13-бап

Тараптар өсімдіктердің карантині және оларды қорғау жөніндегі мәселелерді және осы Келісімнің ережелерін іске асыруға байланысты мәселелерді талқылау үшін қажеттілігіне орай кеңес өткізеді. Кеңес өткізу жөніндегі күнді, орынды, оның күн тәртібін және өткізу жөніндегі шығыстарды Тараптар консультациялар арқылы анықтайды.

14-бап

Тараптар екі мемлекет арасындағы сауданы дамыту мақсатында Экспорттаушы-тарап мемлекетінің аумағында реттелетін объектілер бойынша Импорттаушы-тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес фитосанитарлық бақылау жүргізеді. Фитосанитарлық бақылаудың орнын, рәсімін, шарттарын, жағдайын және уақытын уәкілетті органдар консультациялар арқылы белгілейді.

15-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру және/немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды келіссөздер және/немесе өзара консультациялар жолымен шешеді.

Тараптар өзара келісім бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделетін осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

16-бап

Осы Келісім Тараптар қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан немесе олардың халықаралық ұйымдарға мүшелігінен туындайтын олардың құқықтары мен міндеттемелеріне ықпал жасамайды.

17-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті Тараптармен мемлекет ішілік процедуралардың орындалуы туралы соңғы күннен бастап жазбаша хабарламаны алғаннан кейін күшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады. Егер Тараптардың біреуі Келісімнің қолданылуын тоқтатуға өзінің ниеті туралы оның кезекті қолданылу кезеңі аяқталғанға

дейін алты айдан кешіктірмей дипломатиялық арналар арқылы екінші Тарапқа хабардар етпесе, Келісім келесі бес жылдық кезеңге автоматты түрде ұзартылатын болады.

Бұл жағдайда осы Келісім Тараптардың бірі екінші Тараптың жазбаша хабарламасын алғаннан кейін алты айдан кейін өзінің қолданылуын тоқтатады.

2004 жылғы 17 мамырда Пекин қаласында, қазақ, қытай, орыс және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Қытай Халық Республикасының
Үкіметі үшін